

«Шығыс Миялы кен орны үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары» бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілікаумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: «Жарма ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Шығыс Миялы кен орны үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары».

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы: ҚР ИДМ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК, «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Семей қаласының орталығы кен көрінісінен солтүстік-батысқа қарай 120 км, Шар қ. оңтүстік-батысқа қарай 60 км жерде орналасқан. Ең жақын темір жол станциясы – Шар, Алматы темір жолы. Ең жақын елді мекен – кен орнынан оңтүстік-шығысқа қарай 19 500 м қашықтықта орналасқан Шалабай ауылы.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Абай облысы, Жарма ауданы, Қарасу а.о., Кіші Қарасу а.

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: «Western Company 2020» ЖШС, Абай облысы, Жарма ауданы, Қарасу а.о., Кіші Қарасу ауылы, 2 үй, пошта индексі 070000, БСН 200940012760, тел. +7 701 492 37 97, western.company@inbox.ru

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Minerals Operating Ltd.» ЖК, БСН 2001409000031, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21, 164 кеңсе, т. 8 777 491 40 02, krylov.d@moperating.kz

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): 29 қаңтар 2026 ж. сағат 11:00. Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны: Жарма ауданы, Қарасу а.о., Кіші Қарасу ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 6 (әкімдік ғимараты). Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс әдісімен өткізілді.

9. Ұсынылып отырған қызмет бастамашысының сұрау салу хатының көшірмесі және әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының талаптары туралы келісімге жауап хатының көшірмесі. қоғамдық тыңдауларды өткізу: Сұрау-хат пен жауап хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 1-қосымшада келтірілген.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. Қатысушыларды тіркеу тізімі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 2-қосымшада көрсетілген.

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында: <https://ndbecology.gov.kz/>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде;

2) Жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-

ресурсында орналастырылады: «Абай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде;

3) бұқаралық ақпарат құралдарында: «ҚАЛБА ТЫНЫСЫ» газеті 19.12.2025 ж. № 50 (9412); «SEMEI» телеарнасы: хабарландыру 17.11.2025 ж. эфирде шықты (эфирлік анықтама қоса беріледі). Газеттің электрондық нұсқасы және эфирлік анықтама осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 3-қосымшада берілген.

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында: Кіші Қарасу ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 6 (әкімдік ғимараты) мәтіндік хабарландыруды орналастыру. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының 4-қосымшасында ұсынылған.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаудың хатшысы болып – Азбаева С.А. сайланды.

Хатшының кандидатурасына: «қолдады» – 17, «қарсы» – 0, «жауап беруден бас тартты» – 0.

12.1. Жоба материалдарын баяндама түрінде қарастыру. Ұсынылған регламент – 15 мин.

12.2. Сұрақтар мен жауаптар. Кез келген адам баяндамашыға сұрақ қойып, жоба бойынша өз пікірін айта алады. Ұсынылған регламент – 15 мин.

12.3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған регламент – 5 мин.

Регламентті бекіту:

«қолдады» – 17, «қарсы» – 0, «жауап беруден бас тартты» – 0.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы ақпарат: Эколог – Азбаева С.А., «Шығыс Миялы кен орны үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары».

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының құрамдас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдауларға дейін және тыңдау барысында түскен ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулар тақырыбына анық қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулар тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар барысында түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі:

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс)
1	Қарасу ауылының тұрғыны: Оның алдында да шақырып еді ғой, келіп. Ашамыз нетеміз.	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Қазір добычаға аламыз. Сол үшін экологияны жасап, өткізіп жатқанымыз сол үшін. Оның алдында разведка болды. Қазір добыча	ескерту шешілді
2	Қарасу ауылының тұрғыны: Оны ашқанда ауылдан адамдарды ала ма?	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Йа, жұмысқа аламыз асыннан.	ескерту шешілді
3	Қарасу ауылының тұрғыны: Йа бізден жұмысқа алса, жақсы болар еді. А қашан басталады ол?	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Бәрі зависит как бізге добычанын разрешениясын береді. Егер жазға дейін берсе, жазда бастаймыз.	ескерту шешілді
4	Қарасу ауылының тұрғыны: Техника бәрі бар ма?	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Йа, техника бәрі келеді.	ескерту шешілді
5	Қарасу а.о. әкімі Кныбаев А.К.: какие рабочие места	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Қазір разрешительный қағазды береді ғой,	ескерту шешілді

	планируются?	сосын объемына қарап аламыз. Сосын өзіміз дайындаймыз, қаншама жұмыс істей аламыз. Ол уақыттан байланысты. Мұнда қыс қой. Қыста мында қиын жұмыс істеу. Жазғы кезде жұмыс істеген жеңіл ғой, тырысамыз жаз бойы көп жұмыс істеп. Бізге бұны өмір бойына бермейди. Берсе, 5 жылға беретін шығар. Сол уақытты бөліп, қараймыз қанша бізге жұмысшылар, техника керек, қандай специалисттер керек. Егер де жазға дейін разрешения берсе, осында қай жастар оқимыз десе, біздің атымыздан можно бесплатно оқуға.	
6	Қарасу а.о. әкімі Кныбаев А.К.: у вас какой метод будет?	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Ашық, карьер.	ескерту шешілді
7	Қарасу ауылының тұрғыны: Руду будут куда возить?	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Руданы қасындағыларға апарамыз. Көреміз әлі, разрешительный қағаз берсін бірінші, содан қараймыз.	ескерту шешілді
8	Қарасу а.о. әкімі Кныбаев А.К.: Сіздермен екі жақты меморандумға отырамыз ғой?	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Йа. Біз фирманы осы ауылға келіп көшірдік. Регистрация осында. Налоги вам будут оплачиваться.	ескерту шешілді
9	Қарасу ауылының тұрғыны: Контора осында болмаса, автобуспен тасып отыры ма?	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Йа, развозка болады.	ескерту шешілді
10	Қарасу ауылының тұрғыны: У вас получается строительство будет? Дома для людей	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Нет, мы здесь строить не будем. Это не входит в наши обязанности.	ескерту шешілді
11	Қарасу ауылының тұрғыны: А где вы жить тогда будете?	«Western Company 2020» ЖШС өкілі: Біз она сол жерде вагончик қоямыз. Социально көмектесеміз ауылға.	ескерту шешілді

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралған құжаттардың сапасы және олардың түсінуінің толықтығы мен қолжетімділігі бойынша баяндамалары туралы пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсыныстар: Баяндама толық көлемде ұсынылды. Құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында орналастырылды (<https://ndbecology.gov.kz/>).

16. Қоғамдық тыңдаулардың хаттамаларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Қарасу ауылының округі
Әкімі Кныбаев Әсетбек Қуларбекұлы

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: Аубаева Сәниә Арчиновна
Аубаева



Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25310510001, Дата: 10/12/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25310510001, от 05/12/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Материалы к заявке на получение комплексного экологического разрешения для ТОО «Western company 2020», в предлагаемую Вами 29/01/2026 11:00, область Абай, Жарминский район, Карасуский с.о., с.Киши Карасу, улица Кабанбай батыра, 6 (здание акимата) 11-00(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Western company 2020"" (БИН: 200940012760), +7(701)-429-37-97, western.company@inbox.ru,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (бетпе-бет немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	Азбаева Сания	Minerals Operating Ltd.	+7 701 760 9730	бетпе-бет	
2	Кокеева Айгерім	Ассистент	+7 01 345 1747	бетпе-бет	
3	Неррахмет. Болатқұл	күзетші	+77057249875	бетпе-бет	
4	Намирова Серикқұл	күзетші	87025031976	бетпе-бет	
5	Турдин Руслан	слесор сварщик	87751560813	бетпе-бет	
6	Мусин Асылбек	машинист көмбесі	87025403442	бетпе-бет	
7.	Тюленжанов. А. Е	бас маман.	87752340218	бетпе-бет	
8	Бауысбаев К. Т.	кәсіпкер	87078131242	бетпе-бет	
9	Қиндиярбаева Т. С.	домохозяйка	87783572320	бетпе-бет	
10	Ушаков А. В.	саломаткер	87754335334	бетпе-бет	
11	Бакеев Е. К.	Водитель	8775-114-02-03	бетпе-бет	
12	Абдуллин Ә. Е.	грависті спецагент	87751754250	бетпе-бет	
13	Мусин Дүйсенбек	механик	87474556119	бетпе-бет	
14	Қаюбаев Аскарбек	Ақыл с/о	87055474848	бетпе-бет	
15	Қапанов Канат	Препей-но 700 Western Company	87010707877	бетпе-бет	
16	Мажунов Аманжол	директор	87058281983	бетпе-бет	
17	Қалмұқанов Аманжол	жыл жеруегере	87014823787	бетпе-бет	
18	Кривов Дмитрий	Minerals Operating	87774914002	бетпе-бет	



ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 50 (9412) Жұма, 19 желтоқсан 2025 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

Қоғамдық қабылдау

Аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев өткен аптада «AMANAT» партиясы Жарма аудандық филиалының ғимаратында өңір тұрғындарын жекелеген мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға Қалбатау, Жаңаөзен, Бірлік ауылының тұрғындары келіп, өздерінің көкейкесті мәселелерін, арыз-шағымдары мен сауалдарын жолдады. Тұрақты түрде жұма күні өткізілетін қоғамдық қабылдауда тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерін жеткізді. Атап айтар болсақ, әлеуметтік мәселелер мен баспана алу, жайылымды жер және тағы басқа сауалдарымен жүгінді.



Тұрғындардың жеке мәселелерін мұқият тыңдаған өңір басшысы қолданыстағы Заңнама аясында көтерілген мәселелердің шешу жолдарын түсіндірді.

Жалпы қоғамдық қабылдауда көтерілген барлық мәселелердің бақылауға алынатындығын жеткізген аудан әкімі, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Өз тілшіміз.



«Тәуелсіздік күнінің айрықша мән-мағынасы бар. Азаттық үшін арпалысқан ұлт перзенттерін ел жадында мәңгі сақтау – қасиетті парызымыз. Олардың отаншылдық қасиеті – бүгінгі және болашақ ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге. Біз тамыры терең мемлекеттіміздің маңызды белестерін ұлықтап, ұлтты ұйыстыратын ортақ құндылықтарды нығайта береміз. Сол арқылы қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын биіктете түсеміз. Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Бәріміз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мемлекетіміздің егемендігін, еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығын қорғау – әр азаматтың қастерлі борышы». Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ата-баба аңсап, ақиқатқа айналған ұлы күн туралы сөйлеген сөзі.

1991 жыл – Алаш жұртының арманы болған азаттық таңы атқан жыл. Дәл осы жылы ұлтымыз көптен күткен егемендікке кадам жасап, 10 желтоқсан күні Қазақ КСР

Тәуелсіздік - ұрпаққа мирас

Жоғарғы Кеңесінің «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заңы қабылданды. Осы заңға сәйкес жаңа құрылған тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы деп аталып, тарихтан, әлем картасынан ойып тұрып орын алды. Дәл осы жылдың 16 желтоқсан күні «Қазақстан Республикасының

жариялаумен шектелмейді. Айтулы отыз төрт жылдың ішінде көптеген іс атқарылып, өшкеніміз жаңғырып, өткеніміз жаңарып келеді. Осы уақыт ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Сонау 1986 жылғы желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың



мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, еліміз өз тәуелсіздігін жариялады.

Міне, сол тарихи сәттен бері қарай 34 жыл өтті. Бұл тұста, біздің мемлекетіміз әрі жас, әрі тарихи ел деуге негіз бар. Олай дейтін себебіміз, 34 жылдың ішінде еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Талай игі бастаманы алға мақсат еткен еліміз өзіндік шекарасын шегендеп, төл теңгеміз айналымға енді. Ал жас дейтін себебіміз, небәрі 34 жыл – тұтас ұлт үшін өмірдің бастауы іспеттес. Тәуелсіз ел болу оны

жалынды рухы мен ерлігінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық

Осы орайда 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай орталықтағы Даңқ Аллеясында "Желтоқсан алауы" ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Шараға жиналған көпшілік қауым тәуелсіздік жолында құрбан болған жастарды бір минут үнсіздікпен еске алып, тағзым етті. Жиын ел тәуелсіздігі жолында жандарын құрбан еткен боздақтарды еске алуға арналды.

Кәусар Арықханқызы.

Құттықтаймыз

Қоғам белсендісі – еңбегімен елге үлгі



«Әуезов кенті әкімі аппараты» ММ-нің жетекші маманы Жусанбаева Гүлмира Күзенбайқызы республикалық «Жылдың үздік қоғам белсендісі» байқауына қатысып, жоғары жетістікке қол жеткізіп, I дәрежелі Дипломмен және төсбелгімен марапатталды.

Астана қаласында өткен Мемлекет басшысы Қа-

сым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» атты бағдарламалық мақаласын насихаттау аясында ұйымдастырылған салтанатты марапаттау рәсімінде Гүлмира Күзенбайқызы қоғам дамуына қосқан елеулі үлесі, белсенді азаматтық ұстанымы және қоғамдық бастамаларға қосқан нақты еңбегі үшін үлкен құрметке ие болды.

Гүлмира – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби біліктілігі жоғары, үнемі ізденісте жүретін мамандардың бірі. Ол түрлі деңгейдегі байқаулар мен қоғамдық жобаларға ешбір қолдаусыз, тек өз білімі мен табандылығының арқасында қатысып, әрдайым жүлделі орындардан көрініп келеді. Бұл – оның еңбекқорлығы мен мақсаткерлігінің айқын дәлелі деп білеміз.

Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ауыл өмірінің әлеуметтік, мәдени дамуына үлес қосып жүрген маман ұжымда да, тұрғындар арасында да үлкен құрметке ие. Оның әрбір бастамасы – нақты нәтиже мен игі іске ұласатын өнегелі үлгі болып табылады.

Осы орайда, әріптесімізді айтулы марапатымен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, ел игілігі жолындағы еңбегінің жемісті болуына тілектестігімізді білдіреміз.

Ләззат Шингисова, «Әуезов кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Қалба тынысы» газеті
Газета «Қалба тынысы»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Western Company 2020» ЖШС Шығыс Миялы кен орны үшін кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 29.01.2026 жылы 2 елді мекенде өтеді: 1. Абай облысы, Жарма ауданы, Кіші Қарасу а., Қабанбай батыр көшесі, 6 (әкімдік ғимараты) сағат 11-00-де, 2. Абай облысы, Жарма ауданы, Шалабай а., Жолдаспай Мәсалим көшесі, 13 (әкімдік ғимараты) сағат 15-00-де.

Жобаға тапсырыс беруші – «Western Company 2020» ЖШС, Астана қ., Алаш тас жолы, 35 ғ., 35 к., БСН 200940012760, тел. +7 701 492 37 97 e-mail: western.compan@inbox.ru

Жобаны әзірлеуші – «Minerals Operating Ltd.» ЖК, БСН 200140900031, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, тел. +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Әсер ету аймағы – Абай облысы, Жарма ауданы, Шалабай а.

Әсер ету координаттары: 49°53'44"СШ, 81°29'24"ШБ.

Учаскенің координаттары: 1. 49°53'20"СШ, 81°27'27"ШБ,

2. 49°53'35"СШ 81°27'46"ШБ,

3. 49°53'35"СШ 81°28'24"ШБ,

4. 49°53'42"СШ 81°28'24"ШБ,

5. 49°53'42"СШ 81°29'24"ШБ,

6. 49°53'05"СШ 81°29'24"ШБ,

7. 49°53'05"СШ 81°27'27"ШБ

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kz> танысуға болады. Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02

Ескертулер мен ұсыныстар - prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Онлайн қосылымға сілтеме:

<https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/91MkBrXy>

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Western company 2020» проводит общественные слушания в форме открытых собраний по материалам к заявке на получение комплексного экологического разрешения для месторождения Восточные Миялы.

Слушания состоятся 29.01.2026 года в 2 населённых пунктах: 1. область Абай, Жарминский район, п. Киши Карасу, улица Кабанбай батыра, 6 (здание акимата) в 11-00, 2. область Абай, Жарминский район, п. Шалабай, улица Жолдаспай Масалим, 13 (здание акимата) в 15-00.

Заказчик проекта – ТОО «Western Company 2020», г. Астана, шоссе Алаш, зд. 35, оф. 35, БИН 200940012760, тел. +7 701 492 37 97 e-mail: western.compan@inbox.ru

Разработчик проекта – ЧК «Minerals Operating Ltd.», г. Астана, ул. Мангилик ел, 55/21, офис 164, БИН 200140900031, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Территория воздействия – область Абай, Жарминский район, п. Шалабай.

Координаты воздействия: 49°53'44"СШ, 81°29'24"ШБ.

Координаты участка: 1. 49°53'20"СШ 81°27'27"ШБ

2. 49°53'35"СШ 81°27'46"ШБ

3. 49°53'35"СШ 81°28'24"ШБ

4. 49°53'42"СШ 81°28'24"ШБ

5. 49°53'42"СШ 81°29'24"ШБ

6. 49°53'05"СШ 81°29'24"ШБ

7. 49°53'05"СШ 81°27'27"ШБ

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz> и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования область Абай» <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>. Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, проспект Мангилик Ел, 55/21, офис 164, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение:

<https://mineralsoperating.bitrix24.kz/video/91MkBrXy>

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қымбатты әкеміз Масалимов Ербол Шәріпханұлы!

Сізді асқаралы 60 жас мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз — біздің асқар тауымыз, ақылымыз бен тірегімізсіз. Бізге берген тәлім-тәрбиеніз үшін шексіз алғыс айтамыз.

Алла сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңыздың ортасында бақытты да берекелі өмір нәсіп етсін! Біз сізді өте қатты жақсы көреміз! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен: жұбайы Бозторғай, балалары және немерелері!



Құтырманы алдын-алу шаралары

Құтырма-бұл орталық жүйке жүйесінің ауыр зақымдануы бар аса қауіпті жұқпалы ауру және ең бастысы, ол дер кезінде ем алмаған жағдайда әрқашан өліммен аяқталады.

Құтырма вирусы адамға ауру жабайы және үй жануарларынан беріледі. Инфекция ауру жануар тістегенде немесе ауру жануардың сілекейі адамның терісінің зақымдалған жерлеріне (тырнау, жаралар) түскен кезде пайда болады.

Дәрігерге бармас бұрын жануарлар тістеп алған кезде не істеуге болады? Жараны дереу жылы сумен және сабынмен жуыңыз, одан кейін бірден медициналық көмекке жүгінізіңіз.

Құтырмаға қарсы вакцинация қайда және қалай жасалады? Жануарлар тістеп алған жағдайда тұрғылықты жері бойынша емханаға травматикалық пунктке хабарласыңыз. Медициналық ұйымда құтырмаға қарсы вакцинация курсы тағайындалады. Дәрігер тағайындаған вакцинаны толығымен және үзіліссіз алу керек. Қазіргі уақытта қолданылатын вакциналар әдетте 5 рет енгізіледі: инъекциялар дәрігерге қаралған күні, содан кейін 3, 7, 14 және 28 күндері немесе нұсқауларға сәйкес жасалады. Вакцинация тегін жүргізіледі. Тағайындалған вакцинаны тағайындаған травматолог дәрігер ғана алып тастай алады. Егер тістеп алған жануарды бақылау мүмкін болса және тістегеннен кейін 10 күн ішінде ол сау болса, онда одан әрі инъекциялар травматологтың нұсқауы бойынша тоқтатылады. Егер тістеп алған жануарда құтырма ауруына күдікті клиникалық көріністер бар болған жағдайда зардап шеккен адамды антирабиялық емдеу курсы зертханалық диагностиканың теріс нәтижесіне қарамастан жалғастырылады.

Құтырмаға қарсы вакцинация курсына тағайындау кезінде қандай қарсы көрсеткіштер бар?

Әрбір адам адамды ауру жануармен байланыста болғаннан кейін жақын арада өлімнен құтқарудың жалғыз жолы – құтырмаға қарсы вакцинация курсына уақытында жүргізу екенін білуі керек. Құтырманың алдын алу үшін антирабиялық вакцина қолданылады, ол вакцина іс жүзінде асқынуды тудырмайды және иммунитеттің жоғары деңгейін дамытады. Құтырмаға қарсы вакцина Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының сертификатына ие. Құтырманы шұғыл алдын-алу кезінде және вакцинация курсы аяқталғаннан кейін кем дегенде 6 ай ішінде ешқандай жағдайда алкогольді ішуге, физикалық ауыр жұмыстармен айналысуға болмайды.

Адамды тістеген жануарды не істеу керек? Ешқандай жағдайда жануарларды өлтіруге болмайды. Жануарлар оқшаулануға және ветеринарлық дәрігерлердің бақылауына жатады.

А. Жалелова, Жарма аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Еңбек шарттарын тіркеу – жұмыскер құқығының кепілі

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек қатынастары жазбаша түрде жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Еңбек шарты – жұмыскердің құқықтары мен міндеттерін, еңбек жағдайларын, жалақы көлемін, жұмыс және демалыс уақытын заңды түрде бекітетін негізгі құжат.

Осыған орай, барлық жұмыс берушілер «Еңбек шарттарын есепке алу бірыңғай жүйесі» (enbek.kz) арқылы жасалған еңбек шарттарын тіркеуге міндетті. Бұл жүйе еңбек қатынастарының заңдылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, жұмыскердің әлеуметтік кепілдіктерін алуына мүмкіндік береді. Мысалы:

- Міндетті зейнетақы жарналарының төленуі;
- Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу;
- Еңбекке уақытша жарамсыздық немесе жұмысынан айырылу жағдайында әлеуметтік төлемдерге ие болу.

Еңбек шарттарын тіркеу – қарапайым, толықтай онлайн форматта жүзеге асырылады. Enbek.kz порталында жұмыс беруші тіркеліп, жұмысшы туралы мәліметтерді енгізіп, шартты жүктейді немесе толтырады. Жүйе автоматты түрде тіркеуді жүзеге асырады.

Жұмыс берушінің бұл талапты орындамауы – әкімшілік жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Ал еңбек шартының тіркелуі – жұмыскердің заң алдындағы қорғанысы мен әлеуметтік тұрақтылығының негізі.

Барлық жұмыс берушілер мен жұмыскерлерден еңбек шарттарын міндетті түрде тіркеуді сұраймыз!!

Еңбек шартын тіркеу бойынша қандай да сұрақ туындаған болса төменде көрсетілген мекен-жай бойынша Қалбатау ауылы, Мұсылманқұлов көшесі 70, дүйсенбі-жұма күндері сағат 9.00-18.30 дейін, түскі үзіліс 13.00-14.30 дейін «Абай облысы Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не жүгінуге болады. Тел: 872347/65-670/

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Компания Абар» ЖШС, 2025 жылдың желтоқсан айының 26 күнінен бастап 5 жұмыс күні аралығында Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, №321 жер телімі, мекенжайы бойынша орналасатын «автожанармай құю станциясының, автогаз құю станциясын және дүкеннің құрылысы» нысанының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жұмыс жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>) сайтында танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Компания Абар», сообщает, что с 26 декабря 2025 года в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>) будет проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения раздел «Охрана окружающей среды» разработан к рабочему проекту: «Строительство автозаправочной станции, автогазозаправочной станции и магазина по адресу: область Абай, район Жарминский, сельский округ Калбатауский, село Калбатау, улица Достық, Земельный участок №321»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сибирское здоровье» компаниясы — 30 жыл нарықта, халықаралық стандарттарға сай сертификатталған өнімдер. Өнімдерге тапсырыс қабылдаймын. Қосымша табыс табуға және тұтынушы ретінде тіркеліп, табысқа шығуға мүмкіндік бар. Тіркелу тегін. Барлық бағытта толық көмек көрсетемін.

Байланыс телефоны: 8777 247 7708

Жанара Мухтарбековна

Мекенжайы: Қалбатау ауылы Достық көшесі 145/1

Эфирная справка

18 декабря 2025г.

Настоящим подтверждаем, что на телеканале «Semei» (представленный в кабельных сетях «Алма ТВ», «СемСат ТВ», а также доступный в сети «ID TV» на всей территории Республики Казахстан), была размещена бегущая строка, клиента ЧК «Minerals Operating Ltd», 17 декабря 2025 года (1 день):

Хабарландыру:

